

РЕСПУБЛИКА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



МҰРАТ- ҚАЗАЛЫ

№87-88
(2258-2259)
Бейсенбі
24 қазан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ағайын!

Сіздерді еліміздің ең ұлық мерекесі - Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Бұл мейрам – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күн. Егемен елдің еңсесін тіктеуге үлес қосқан бабалар рухына тағзым ететін, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Республика күні – бұл халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайта түсетін аса маңызды тарихи қадам. Мерейлі күн азаматтарымыздың өзара түсіністігін, тұтас ұлтымыздың еркін өмірге және дербес дамуға ұмтылысын паш ететін мереке болмақ», - деген болатын.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейінгі қол жеткізген маңызды жетістіктердің барлығында да Сыр елінің, оның ішінде қазыналы Қазалы ауданының қосқан үлесі зор.

Ауданда айтулы істер, жарқын жобалар жүзеге асуда. 2024 жылы аудан бюджеті 11,0 млрд. теңгеге бекітілді. Есепті кезеңде нақтыланған бюджет көлемі 17,6 млрд. теңгеге жетіп, 60,1 пайызға өсті.

Біздің қол жеткізген оң көрсеткіштеріміз бен нәжіжелі жұмыстардың барлығы – бекем бірлігіміз бен тату тірлігіміздің арқасында жасалуда. Әлі де межелі асу мол, жетістігіміз алда.

Қадірлі жерлестер!

Қазақтың ақыны, халық жазушысы Қалижан Бекхожин: «...Атағы кеткен алысқа, Республика – алтын бақ!» деп жырлағандай, Республика күні – елдің маңдайына біткен бағы, бағалы бойтұмарымыз.

Баршаңызды ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтаймын!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай! Егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Ізгі ниетпен,

Қазалы ауданының әкімі
Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ

ЖАНҚОЖА БАТЫРДЫҢ 250 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ



Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жанқожа батырдың 250 жылдығына арналған «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еңбек ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы конференция жұмысына сәттілік тілеп, тарихи тұлғаның ғасырдан ғасырға жеткен ерлік даңқы ешқашан ұмытылмайтынын айтты.

«Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Біз сан ғасырлық тарихымызды мақтан етеміз. Тауыры терең төл шежіреміз – халқымыздың мәдени кодының өзегі», - деген еді.

Бүгін біз ұлы даладағы үш жүз жылға жуық тарихы бар ұлт-азаттық қозғалыстың аса көрнекті өкілі, отаршыларға қарсы Сыр бойындағы халық көтерілісінің басшысы, Алаш жұртының азаттығы үшін елдің туын көтерген қазақ даласының хас батыры - Жанқожа Нұрмұхамедұлының 250 жылдығына арналған «Ұлт азаттығы қозғалысы және Жанқожа батыр» атты ғылыми-танымдық конференцияға жиналды. Конференцияның ашылуымен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Он тоғызыншы ғасырдың ортасына дейін қазақ жерінің негізгі бөлігі Ресей империясының қол астына енген тарихтан белгілі. Хандық биліктің жойылуы, жаңа

әкімшілік басқару жүйесінің енуі, қазақтың құнарлы жерлерден айрылуы халықтың наразылығын тудырды. Осындай қасіретті кезеңде Кенесары Қасымұлы, Сырым Датұлы, Есет Көтібарұлы секілді қолбасшылар халқымен бірге азаттық жолында күресті.

Сыр бойындағы Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған көтеріліс қазақ қоғамындағы ең ірі бас көтерулердің бірі ретінде тарихқа енді.

Дана халықтың төл перзенті, ең күрделі кезеңде өмір сүрген, ұлт азаттығы қозғалысының көрнекті басшысы болған Жанқожадай батырымызды еске алып, оның өмірі мен ерлігін дәріптеу – біздің азаматтық парызымыз.

Баба есімін ұлықтау мақсатында өңірімізде ауқымды шаралар ұйымдастырылып келеді.

Халық батырының 240 жылдығына орай облыс орталығындағы теміржол вокзалы алаңына еңселі ескерткіш тұрғызылды. Қызылқұм беткейіндегі шекара застава-сы, аудан орталығындағы басты көше баба есімімен аталды.

Қармақшы ауданындағы №269 орта мектепке, Қазалы ауданындағы №70 мектепке, әр кезеңде Астана, Ақтөбе қалаларындағы орталық көшелерге есімі берілген.

Еліміздің азаттығы жолында жарқын істерімен, жанқиярлық ерлігімен өшпес із қалдырған Жанқожа Нұрмұхамедұлының асқақ рухы халқымен мәңгі бірге

бола береді!», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Конференцияны Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Іс-шарада Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Ұлттық ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Зиябек Қабылдинов «Жанқожа Нұрмұхамедұлы және ұлт-азаттық көтеріліс (жаңа мұрағат деректері негізінде)», Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Молдахмет Қаназ «1856-1857 жылдары Жанқожа Нұрмұхамедұлы бастаған

Сырдария шаруаларының көтерілісі. Себебі. Барысы. Бағалануы. Батырдың тағдыры», Халықаралық Ақпараттар академиясының академигі, Алматы өңірлік мемлекеттік қызметкерлердің білімін жетілдіру институтының профессоры, Қазалы ауданының құрметті азаматы Ермек Зәңгіров «Баба мен ұрпақ үндесуі» тақырыбында баяндама жасады. Ғалымдар ұсынған тың деректерге орай қатысушылар ой-пікір өрбітті.

Сонымен қатар, Парламент Сенатының депутаты, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Наурызбай Байқадамов, журналист, филология ғылымдарының кандидаты Нұрлан Көбегенұлы сөз сөйледі.

Мереке аясында батыр рухына тағзым ету рәсімі, «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым, қазақ күресінен республикалық турнир, баба рухына арналған ас, «Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі орталық стадионда Жанқожа батырдың 250 жылдығына және «Алтын күз-2024» мерекесіне арналған салтанатты шара, эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік гала-концерт өтті.

Қызылорда облысы әкімінің
баспасөз қызметі

АБАЙ АУЫЛЫ ГАЗ ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы ауданының Абай аулын газ желісіне қосу рәсімі өтті.

Аймақ басшысы ауыл тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

«Бүгін мерейлі мереке

қарсаңында Қазалы ауданында нысандар ашылып, Абай аулына «көгілдір отын» желісі қосылуда. Бұл – расында да, көптен күткен игілік.

Қазір Қазалы ауданының газдандыру көрсеткіші 65 пайызға жетті. Биыл мұнда 2 млрд. 200 млн. теңгеге 3 жоба

жүзеге асуда. Алғашқысы – осыдан бір жыл бұрын басталған Абай аулын газдандыру жобасы. Жұмыс толық аяқталды, енді ауылдағы 193 тұрғын үй мен 8 әлеуметтік нысан «көгілдір отын» тұтынатын болады.

Екінші жоба – Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев ауылдарына магистральды газ құбырын тарту. Бүгінде жұмыс қарқынды жүруде.

Үшіншісі – Ақтан батыр аулына орамшілік газ тарту. Бұл жұмыс басталып кетті. Сәтін салса, жыл аяғына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Бұдан соң елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 68 пайызға жетпек.

Осы уақыт ішінде Қазалы ауданында 600 шақырымнан астам газ құбыры тартылып, 10 763 тұрғын үй мен 350 мекеме-кәсіпорынға қосылды.

Елдің дамуы ауылдың гүлденуінен басталады. Ал, ауылдың дамуы, келешегі

сіздердің еңбекқорлықтарыңыз бен бірліктеріңізге байланысты. Баршаңызға бүгінгі қуаныш құтты болсын!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов құттықтау лебізін жеткізіп, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

Сонымен қатар, ауылдың өсіп-өркендеуі жолында қажырлы қызмет еткен сала мамандары мен ардагерлерге облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Газ қосу рәсімінен кейін аймақ басшысы ауыл тұрғындарымен кездесіп, атқарылған жұмыстар, алдағы бағыт-бағдар туралы айтты. Әсіресе, қолға алынған инфрақұрылымдық жобаларға, әр саладағы жаңашылдықтарға тоқталды, кездесуге келушілердің ой-пікірлерін тыңдады.

ӘЙТЕКЕ БИ БӘЙБЕКҰЛЫНЫҢ 380 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКІЗІЛГЕН ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

Қазалы ауданында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдығына арналған ғылыми-танымдық конференция өтті. Оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстың зиялы қауым өкілдері, ғалымдар мен еңбек ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы конференция жұмысына сәттілік тілеп, тарихи тұлғаны ұрпақ жадында жаңғыртудың маңызына тоқталды.

«Халқымыз батырлары мен салсерілерін, даңқты дала қаһармандарын дәріптеп, ұлыларын қастерлеп келеді. Баршаңызды қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан аса көрнекті мемлекет қайраткері, кемеңгер ойшыл Әйтеке би Бәйбекұлының 380 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Әйтеке би Бәйбекұлы – қазақ тарихына өзінің жасампаздық қызметімен із қалдырған тұлға. Қазақтың үш ұлы биі, үш даңқты данагөйі – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің есімдері ұлт бірлігінің айнымас символы болып бізге жеткен. Қазақ тарихындағы ең күрделі кезең

– жоңғар шапқыншылығы уақытында елді бірлікке үндеп, Бұқара мен Самарқанда би болған.

Биыл Өзбекстанның Науаи облысында Әйтеке бидің 380 жылдығы кең көлемде тойланды. Мерекелік іс-шараларда Сыр өнерпаздары

Баба есімін ұлықтау мақсатында Ақтөбе облысының бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол аудандары біріктіріліп, Әйтеке би ауданы, Жаңақазалы поселкесі Әйтеке би кенті деп аталғаны бәріңізге мәлім. 2000 жылы Қазалы ауданының орталығында Әйтеке бидің

жетпейді. Әйтеке бидің ұлағатты өмірін ұлтқа, ұрпаққа кеңінен өнеге етудегі шаралар жалғасын таба берсін. Бүгінгі конференция жұмысына сәттілік тілеймін!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Конференцияны Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет жүргізді. Іс-шарада Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Берекет Кәрібаев «Әйтеке би және оның заманы», фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты Берік Жүсіпов «Әйтеке би: мұрағат мәліметтерін қайта зерделеу мәселесі» тақырыбында баяндама жасады. Көтерілген тақырыптар бойынша қатысушылар өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, қоғам қайраткері, республикалық Жалаңтөс баһадүр қорының президенті Нәжімадин Мұсабаев, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Өтеубай Қожақов сөз сөйледі.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



өнер көрсетіп, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязов айтыстың бас жүлдесін еншілеп қайтты. Наурыз айында Қызылорда қаласында республикалық командалық айтыс ұйымдастырылып, жерлестеріміз топ жарды.

құрметіне кесене тұрғызылды. Бас көше бабамыздың атымен аталып, 2019 жылы аудан әкімдігі ғимаратының алдынан 12 метрлік еңселі ескерткіші бой көтерді.

Тарих – тағылым. Өткенінен сабақ алмаған ел табысқа

«ӘМІР АРЕНА» СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары барысында жаңадан салынған «Әмір Арена» спорт кешенінің ашылу рәсіміне қатысты. Салтанатты шараға Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен аудан тұрғындары келді.

Аймақ басшысы Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге және Сыр спортындағы жаңалықтарға тоқталды.

«Өздеріңізге белгілі, Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болатын, бүгінде 744 млрд. теңгеден асты. Бұл

қаражат аймақтың ең өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталды. Ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқылы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға баса көңіл бөлінді.

Өткен жылы Қазалы ауданының бюджеті 13 млрд. 600 млн. теңге болса, биыл 17 млрд. 600 млн. теңгеге жетіп, 18,7 пайызға өсті. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолы қайта жаңғыртылуда, 29 шақырым жолдар мен көшелер жөнделуде.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында кенттегі Жанқожа батыр, Әйтеке би көшелерін қайта жаңғыртуға қаржы бөлінді. Үш елді мекеннің (Әйтеке би кенті, Қазалы қаласы және Қожабақы ауылы) электр

желілері жаңғыртудан өтуде.

Аудан орталығында «Руханият орталығы», Жанқожа батыр ауылында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен 300 орындық мектеп құрылысы қарқын алды. Биыл Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығына салынуы жоспарланған 600 орындық мектептің құрылысы басталды.

Соңғы жылдары аймағымызда заманауи спорт нысандары көптеп бой көтеруде. Өткен жылы 13 спорт кешені салынып, оның 9-ы пайдалануға берілді. Бүгін өздеріңізбен бірге «Әмір Арена» жаңа спорт кешенін ел игілігіне табыстаймыз. Қазалылық жас жеткіншектер осы кешенде жаттығып, шарболаттай шынығып, көк байрағымызды көкте желбіретсін!», – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты шарада спорт саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Қызылорда облысының құрметті азаматы Жарылқасын Шәріпов құттықтау лебізін жеткізді.

Жеке кәсіпкер Шынар Өтегенованың демеушілігімен салынған 200 адамдық бұл кешенде жастардың футбол, баскетбол, волейбол, гандбол және күреспен шұғылдануына барлық жағдай жасалған.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

120 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топ санатындағы отбасылар үшін сатып алынған 120 пәтерлі 60 тұрғын үйдің кілтін иелеріне табыстады. Рәсімге Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңа пәтерге қоныстанушыларды құттықтап, өңірдің құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталды.

«Сыр өңірінде барлық саладағы бастамалардан, қолға алынған жобалардан, олардың іске асу қарқынынан Президентіміздің, Үкіметтің қолдауын анық көруге болады.

Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу-электр орталығы салынуда. Бүгінде «Акса Энерджи» түрік компаниясы құрылысқа 115 млрд. теңгеден астам инвестиция салды. Орталық келер жылы қыркүйек айында ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының қолдауымен аймағымыздағы құрылыс қарқыны артып келеді. Облыс, аудан орталықтарында ғана емес, ауылдарда да сәулетті ғимараттар, тұзукөшелер, нақтылай айтсақ, 123 млрд. 400 млн. теңгеге 81 әлеуметтік нысан бой көтеруде, 58 млрд. 900 млн. теңгеге 332 мың шаршы метр, 452 көппәтерлі тұрғын үй құрылысы жүргізілді.

Туған жердің өсіп-өркендеуіне жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар үлес қосып, демеушілер есебінен 50 млрд. теңгенің жобалары қолға алынды.

Қазалы ауданында да тұрғындардың ұсыныс-пікірлері мен талап-тілектері ескеріліп, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Өткен жылы ауданның 95 жылдығы қарсаңында әлеуметтік осал топтар үшін салынған баспаналар кілтін 50 отбасыға табыстаған болатынбыз. Биыл да осы үлгілі үрдіс жалғасын тапты. Ауданның аярын айшықтайтын, тұрғындарды баспана бақытына кенелтетін бұл үйлер инженерлік инфрақұрылым желілерімен толықтай қамтылған. Жаңа қоныс құтты болсын, қуаныш пен шаттық ұялаған шаңыраққа айналсын!», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Іс-шарада құрылысты салған мердігер мекеме мамандарына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталып, Қызылорда қаласы, Арал, Қазалы және Сырдария аудандарының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Айтбай Көшербаев батасын берді.

Рәсімнен кейін аймақ басшысы тұрғындармен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыт-бағдары, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы туралы айтып, жиналған жұртшылықтың ұсыныс-пікірлерінен қойды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде бірқатар нысанды аралап, мемлекеттік бағдарламалар аясындағы жұмыстармен танысты.

Аймақ басшысы Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығындағы автомобиль жолын қайта жаңғыртуды, «Руханият» скверіндегі, «Руханият орталығындағы» жұмыстарды көрді. Құрылысқа қойылатын басты талап сапа мен мерзім екенін ескертті.

Сондай-ақ, Әйтеке би кентіндегі орталық алаңның абаттандырылуымен, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы несие алған кәсіпкерлердің жұмысымен танысты. Жеке кәсіпкер Лаура Серғалиева дайын таңғы ас кәсібін бастаған, ал, Алмат Есенаманов шағын цехтың жұмысын дөңгелетіп отыр.

«Алтын Дән» кондитерлік цехының иесі Үсен Айнұр да «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көруде.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

Аудан орталығында мерейтой аясында пайдалануға берілген «Әмір Арена» спорт кешенінде қазақ күресінен республикалық турнир өтті.

Республикалық турнирді аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаев сөз сөйлеп ашып, палуандарға сәттілік тіледі.

-Баршаңызды алдымен қазақ хандығы кезеңінде Сыр бойында халықтың басын біріктіріп, бір мақсат жолына жұмылдыра білген тарихи тұлға, батыр бабамыз – Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін өздеріңізбен бірге мерейтой аясында ұйымдастырылған тағы бір үлкен шара - қазақ күресінен



өтетін республикалық турнирде бас қосып отырмыз. Турнирге еліміздің Алматы, Түркістан, Жамбыл, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда облыстарынан 200-ге жуық спортшы келіп, боз кілемде бақ сынайды. Балуандардың бәсекесіне сәттілік тілеймін, - деді Жалғас Оңғарұлы.

Республикалық турнирде 90 келіге дейін және 90 келіден жоғары түйе палуандар бақ сынасты. Турнирдің қортындысы бойынша жеңімпаз палуандарға басқа өңірлерде тұратын жерлестеріміз және қазалылық кәсіпкер азаматтар, ауданның Құрметті азаматтары мен спорт саласының ардагерлері арнайы қаржылай сыйлықтар табыстап, марапаттады.

БАБА ЕРЛІГІ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚА ҮЛГІ ЕТІЛДІ

Қазалы ауданында Сыр топырағынан нәр алған даңқты қолбасшының 250 жылдық мерейтойына орай «Елі үшін туған ер Жанқожа» атты театрландырылған қойылым қойылып, мерейтойға жиналған барша жұртшылық батырдың рухына тағзым етті.

Әйтеке би кентіндегі Жанқожа батыр кешенінде өткен мерейтойлық шара аудан өнерпаздарының театрландырылған қойылымымен басталып, баба ерлігі өскелең ұрпаққа үлгі етілді.

Мұнан соң аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш сөз сөйлеп, қазақ халқын білектің күшімен, қылыштың жүзімен жау қолынан қорғаған батырды ұлықтау - бүгінгі ұрпақтың басты парызы екендігін айтты. Сондай-ақ батырдың

туған жері Қазалы ауданында кешелі бері мерейтой аясында өтіп жатқан мәдени-көпшілік шаралардың маңызына тоқталып, ауданда атқарылып жатқан ауқымды жұмыстардың барлығы баба мерейтойымен сабақтасып жатқандығын жеткізді.

Танымдық шарада Қызылорда облысының құрметті азаматы, «РЗА» АҚ президенті Самұрат Имандосов құттықтау сөз сөйлеп, батыр бабаның мерейтойын жоғары деңгейде атап өтуге барша Қазалы жұртшылығы мен басқа облыс, аудандардағы жерлестеріміз халықтық іске жұдырықтай жұмыла білгенін айтып, ризашылығын жеткізді.

Рухани шара аудан өнерпаздарының орындауындағы «Қазалы вальсі» әнімен қортындылады.

«АЙЫР ТІЛДІ ӘЙТЕКЕ БИ» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ АҚЫНДАР МҮШӘЙРАСЫ

Тарихта халқымыздың біртұтас ел болып, мемлекеттігін сақтап қалуы үшін күрескен ұлы тұлғалардың бірі – Әйтеке би Бәйбекұлының туғанына 380 жыл толу құрметіне орай бүгін Қазалы ауданында «Айыр тілді Әйтеке би» атты облыстық ақындар мүшайрасы өтті.

Әйтеке бидің ғибратты ғұмырынан сыр шертетін бейнекөрсетіліммен бастау алған мүшәйраны аудан әкімінің орынбасары Болат Жолтаев құттықтау сөзімен ашып, талапкерлерге сәттілік тіледі.

Дүбірлі додадаға Қызылорда қаласынан және Шиелі, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Арал, Қазалы аудандарынан от ауызды, орақ тілді нағыз жүйрік 10-ға жуық жас ақындар қатысып, бақ сынады.

Байқаудың талаптары бойынша ақындар бірінші кезеңде аузымен құс тістеген, аяқтыңа жол, ауыздыға сөз бермеген данышпан шешен, Әйтеке биге арнау, екінші кезеңде еркін тақырыптағы өлең-жырларын оқыды.

Қазылар алқасы тақырыптың ашылуы мен мазмұнына, өлең мағынасының тереңдігіне, шумақ ұйқасына, сахна мәдениетін игеру деңгейіне, өлеңнің жатқа оқылуына басты назар аударып, шешім шығарды.

Тартысты жыр бәйгесінің

жеңімпаздарын ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ж.Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Қызылорда облысының құрметті ардагері, Арал ауданының құрметті азаматы, қазылар алқасының төрағасы То-лыбай Абылаев, ҚР мәдениет саласының үздігі, тарихшы Бо-лат Жолтаев, №266 мектеп-лицей мұғалімі Өтеулиева Сағыныш Мұхитқызы сараптады.

Байқау қортындысымен жүлделі ІІІ орындар Қызылорда қаласынан Тәңірбергенов Ұлықбек пен Шиелі ауданынан Ержігіт Бекжанға бұйырса, ІІ-ші орын Жалағаш ауданынан Жасұлан Серіктің еншісіне тиді. Арал ауданынан Сайлауов Айдар І-ші орын, Қазалы ауданынан Түменбай Ақжол бас жүлдені еншілеп, мүшәйра жеңімпазы атанды. Ал, Әйтеке би атындағы арнайы сыйлыққа Қызылорда қаласынан келген Кәдірбай Ғабит лайықты деп танылды. Жүлдегерлерге арнайы марапатпен қоса, қаржылай сыйлықтар табысталды.

Елдің бірлігі мен тағдырын ойлаған, мемлекет іргесін нығайтуды жүзеге асыру үшін еңбектенген, сол үшін күрескен тарихи тұлға - Әйтеке би бабамыздың 380 жылдық торқалы тойы баршаңызға құтты болсын!

МЕРЕЙТОЙ АЯСЫНДА ЖӘРМЕҢКЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Аудан орталығында халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына орай ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Ауыл өнімдерінің жәрмеңкесін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет пен мерейтойға арнайы келген қонақтар да бірге аралады.

Алтын күздің тоқшылық мерекесіне кент және ауылдық округтерден 45 көлікке

тиелген 10 тонна күріш, 1 тонна ет пен 2 тонна сүт өнімдері, 3 тонна балық, 60 тонна картоп және көкөніс өнімдері, 40 тонна бақша өнімдері, 1 тонна «Қазалы» кәмпіті сонымен қатар қой, тоқты әкелінді.

Жәрмеңке барысында мерейтойға келген қонақтар тарапынан әсіресе Қазалының кәмпіті мен балық өнімдеріне сұраныс жоғары болды.

Ауданның дихандары

мен тауар өндірушілері жеміс-жидек, көкөніс дақылдары және азық-түлік тауарлары, ет және балық өнімдерін аудан тұрғындарына нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмен бағада ұсынды. Мерейтой аясындағы ұйымдастырылған бұл жәрмеңке - аудан тұрғындары үшін үлкен сый болды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

БАТЫР БАБАНЫҢ 250 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН «АЛТЫН КҮЗ-2024» МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ШАРА



Аудан орталығында халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығына және «Алтын күз-2024» мерекесіне арналған салтанатты шара өтті.

«Жалаңтөс Баһадүр» атындағы орталық стадионда өткен мерекелік кешке Қазалы

ауданынан жыраққа кеткен жерлестеріміз бен барша аудан тұрғындары қатысты.

Мерекелік шара аудан өнерпаздарының Сыр топырағынан нәр алғандақты қолбасшы, XIX ғасырдағы ең ірі ұлт азаттығы қозғалысының қаһарман көсемі

Жанқожа Нұрмұхаммедұлын бейнелейтін тарихи-танымдық көрініспен бастау алды.

Салтанатты шарада мерейтойға арнайы келген облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев құттықтау сөз сөйлеп ашып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың халық батырының 250 жылдығына және «Алтын дән-2024» мерекесіне жолдаған құттықтауын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбетке табыстады. Сонымен қатар, ҚР ауыл шаруашылығы министрлігінің «Құрмет грамотасын» «Жалаңтөс батыр» ЖШС-нің директоры Абзал Сәрсеновке тапсырды.

Мұнан соң аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз алып, аудан тұрғындарын халық батырының мерейлі мерейтойымен және «Алтын дән-2024» мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ жыл басынан бері аудан халқының игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, жиналған жұртшылықты қос

бірдей мерекемен құттықтады.

Мерекелік құттықтаулар табысталғаннан кейін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Қазалы ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан Тілеубаев Алмас Әбдіраманұлына «Қазалы ауданының құрметті азаматы» атағын тапсырды. Сондай-ақ «Алтын дән – 2024» салтанатты шарасы аясында ауыл шаруашылық саласының озаттарын облыс және аудан әкімдерінің «Алғыс хатымен» марапаттады.

Халық батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған мерекелік шара әрі қарай Төреғали Төреәлі, Айбек Қайбулла, Ринат Шамшырақ сынды эстрада жұлдыздарының қатысуымен гала концерт пен от шашуға ұласып, аудан өнерпаздары жиылған көпшілікке ән мен биден шашу шашып, мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«ХАЛҚЫНА ҚОРҒАН БОЛҒАН БАТЫР БАБА» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АЙТЫС ЖЕҢІМПАЗДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Ежелден ел құрметтеген ардақтыларын, батырлары мен сал-серілерін, даңқты дала қаһармандарын дәріптеп, ұлыларын қастерлеп келе жатқан қазалылықтар бабаларымыздың торқалы тойын дүбірлетіп өткізді.

Халық батыры, Сыр бойындағы ұлт-азаттық көтерілісінің қолбасшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдық мерейтойына арналған «Халқына қорған болған батыр баба» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Р.Бағланова атындағы мәдениет орталығының залы көрерменге лық толды. Айтыс шымылдығын аудан басшысы Мейрамбек Шермағанбет құттықтау сөз сөйлеп ашып, еліміздің түрлі қалаларынан келген ақындарға сәттілік тіледі. Айтысты ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлтаев Аманжол Дүйсенбайұлы жүргізіп отырды.

Дүбірлі жыр додасында белгілі айтыс ақындары: үш дүркін «Алтын домбыра» жүлдесінің иегері Мұхтар Ниязов (Қызылорда облысы), «Алтын домбыра» республикалық айтысының жеңімпазы Рүстем Қайыртаев (Семей облысы), Біржан Байтуов (Шымкент қаласы), Нұрзат Қару (Алматы қаласы), Мөлдір Айтбай (Қызылорда қаласы), Қайнар Алағөзов (Ақтөбе облысы), Бексұлтан Орынбасаров (Арал ауданы), Мырзахан Қанат (Жамбыл облысы), Ерасыл Бәйментай (Сырдария ауданы), Нұрқасым Елнұр (Қазалы ауданы) бақ сынады.

Аламан айтысты шырайлы Шымкенттен келген Біржан Байтуов пен Ақтөбе облысынан қатысқан Қайнар Алағөзов бастады. Қай кезде де шаршы

топта сөз бастау қиын. Десе де, республикалық айтыстарда төбе көрсетіп жүрген жас ақындар тосылып қалмады. Ауданның жетістіктерін кестелі жырмен

Нұрқасым Елнұр түйдекті жырлармен түйіп-түйіп алғанымен, соңында бір-біріне ақ тілектерін жаудырды.

Жеңімпаздарды марапаттау



өрнектей білді.

Екінші жұпта жұртшылық қыз бен жігіт айтысын тамашалады. Жамбыл облысынан додағы түскен Мырзахан Қанат пен Алматының төрінен келген жерлесіміз Нұрзат Қару айтысты қыздыра түсті. Бұл жұптың айтысы орынды әзілмен өрбіді.

Үшінші жұптың айтысы барлығынан ерекшеленді. Сырмақтанышы Мұхтар Ниязов пен семейлік ақын Рүстем Қайыртаев сөз жарыстырды. Тәжірибесі мол аламанға түскен қос ақынға халық ерекше қошемет көрсетіп, қолдау білдіріп отырды.

Төртінші болып сөз сайыстырған Ерасыл Бәйментай мен Бексұлтан Орынбасаров торқалы тойды жырға қосып, сүбелі сөзбен көркемдеді.

Соңғы жұп қызылордалық Мөлдір Айтбай мен қазалылық

рәсімі алдында аудан әкімінің орынбасары Б.Жолтаев сөз алып, «Алаш» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Сыр елінің тумасы, белгілі эколог-жазушы Сайлаубай Жұбатыровқа, жыршы, әнші, күйші, фольклортанушы, филология ғылымдарының кандидаты Жүсіпов Берік Мырзалыұлына, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының Қызылорда филиалының жетекшісі, республикалық, халықаралық деңгейдегі айтыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы, «Серпер» сыйлығының иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Мансұр Нұрмат Абдоллаұлына және айтыс ақыны Мұхтар Ниязовқа Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдық мерейтойлық медалін

табыстады.

Халықты жырмен сусындатқан айтыстың қортындысында қазылар алқасының шешімімен Бас жүлдеге (1 млн.теңге сыйақы) ақын Мұхтар Ниязов лайық деп танылды. Ал жүлделі бірінші орынды (800 мың т. теңге сыйақы) Семей облысының намысын қорғаған Рүстем Қайыртаев, екінші орынды (600 мың теңге сыйақы) Алматы қаласынан келген Нұрзат Қару иеленсе, аралдық Бексұлтан Орынбасаровқа үшінші орын (400 мың теңге сыйақы) жүлдесі бұйырды. Одан бөлек, жыр додасына қатысқан Мөлдір Айтбай, Нұрқасым Елнұр, Біржан Байтуов, Қайнар Алағөзов, Мырзахан Қанат мен Ерасыл Бәйментайға «Батыр шапағаты» бағамы және 250 мың теңгенің қаржылай сыйақылары берілді.

Жанқожа бабамыздың ұлылығы мен өрлігін, ерлігін шабытты шумақтармен паш етіп, айтысқа сусаған көрерменге елдік рухты асқақтатар ой салған ақындар әрленген әзілмен де елге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Республикалық аламан айтыста ақындардың өнерін белгілі эколог-жазушы С.Жұбатыров, фольклортанушы Б.Жүсіпов, айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының Қызылорда филиалының жетекшісі, Н.Мансұр бағалады.

Айтыстың жоғары деңгейде өтуіне ақын, филология ғылымдарының докторы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлтаев Аманжол Дүйсенбайұлының қосқан үлесі зор екенін атап өту керек.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ

Сыбайлас жемқорлық бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтері арқылы заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін жемқорлықпен күреске жұмыла атсалысып, қарсы тұруымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Жанарыс ЕРНИЯЗ,
«Ақжона» ауылдық
округінің әкімі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АТ БӘЙГЕСІ

Қазалы ауданының тұрғындары таң сәріден Әйтеке би кентінің аумағындағы Әбдіраман төбедебас қосты. Себеп - халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлының туғанына 250 жылдық мерейтой қарсаңында ұйымдастырылған ат бәйгесін тамашалау. Республика бойынша кілең мықты шабандоздар төбе көрсеткен бәйге тартысты өтті.

Аламан десе арқасы қозатын көпшілік ең әуелі тай бәйгесіндегі сәйгүліктердің шабысына куә болды. Мұнан соң құнан, сосын тоқ және аламан бәйгесіне жалғасты. Төресілердің пәрмені берілгеннен қатар шапқан шабандоздар соңына дейін жарысып, дүйім жұрт айқай-шуға басты. Нәтижесінде үздік шабандоздар жеңіс төрінен көрініп, белгіленген жүлделерге қол жеткізді. Әбдіраман төбедегі тартысты бәйгені аудан әкімі



Мейрамбек Шермағанбет пен мерейтойға жиналған қонақтар және аудан тұрғындары тамашалады. Айта кетейік, мерейлі мерейтой қарсаңындағы ұйымдастырылған бәйгенің көрігін Аламан ашты. Бұл додада 31 шабандоздар бақ сынасты. Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпарлар осы 24 шақырымдық аламан бәйгесінде анықталды. Бас жүлде шиелілік Жетпісов Ерғалидің «Айналайын» атты сәйгүлігіне бұйырды. Бәйгенің бас

жүлдесі автокөлік кілтін аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет табыс етті.

Аламан бәйгеде екінші орынды Жамбыл облысынан Қазбеков Мұбарханның «Самалкүреңі» еншіледі. Үшінші орынды Арал ауданынан Якудаев Қожабектің «Қозыкүреңі» иемденді. Ал жүлделі төртінші орынды Қазалы ауданы, Абай аулының атынан шыққан Кадиров Әбілхайырдың «Спартак» атты сәйгүлігі еншіледі.

● Маманның кеңесі

ТЕМІР ТАПШЫЛЫҒЫ АНЕМИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Темір тапшылығы анемиясы – қан сарысуында, сүйек кемігінде, адам ағзасында темірдің төмендеуі, осының нәтижесінде гемоглобин, әрі қарай эритроциттер түзілуінің бұзылыстары салдарынан тіндердегі трофикалық бұзылыстармен мінезделетін ауру.

Темір тапшылықты анемияның ауырлық дәрежесі:

Жеңіл: гемоглобин 90-110 г/л; эритроциттер 3,0-3,5 x 10¹² /л;

Орташа: гемоглобин 70-90 г/л; эритроциттер 2,5-3,0 x 10¹² /л;

Ауыр: гемоглобин 70 г/л аз; эритроциттер 2,5 x 10¹² /л төмен

Клиникалық көрінісі:

-Әлсіздік, бас айналуы, көз алдында шыбын-шіркейлерді көруі;

-Талмалар болуы мүмкін, ентікпе, шаштары сынғыш, түседі және тырнақтың сынғыштығы (кейде қасық тәрізді ішке ойылуы), тері құрғақтығы;

-Ауыз бұрыштарындағы жаралар мен жарықтар;

-Тәбеттің бұрмалануы, кейде науқастар топырақты, шикі ет, қамыр, мұз, бор, тіс пастасы, из-весть, шикі дәнді дақылдар жеуге, сондай-ақ белгілі бір иістерге (ацетон, лак, бензин) тәуелділік түріндегі бұрмаланулар болады.

Профилактикалық шаралар:

-Темір тапшылығын шақырған себептерді жою;

-Дұрыс тамақтану:

• Темірге бай - бауыр, ет, балық, анар, алма, қызылша, сұлы мен қарақұмық жармаларын жиі тұтыну,

• В12 дәрумен көзі - ет, құс еті, ішкі өнімдер, теңіз өнімдері, сүт, ірімшік, жұмыртқаны пайдалану,

• Фолий қышқылы - жасыл жапырақты көкөністер, брокколи, бұршақ дақылдары, апельсин, банан, өрік, тағы басқа.

• С дәрумен көзі - итмұрын, қарақат, таңқурай, бүлдірген, қырыққабат, болгар бұрышы тағы басқа.

- Темір препараттарын ұзақ қабылдау (4-6 ай).

-Ауыр анемия кезінде эритроцитарлық масса құю.

-Зиянды әдеттерден арылу (темекі шегу және алкогольді ішімдіктерден бас тарту).

-Дене белсенділігін жоғарылату (күніне 30 минуттен кем емес денешынықтыру).

Темір тапшылығының салдары өте жағымсыз, ағзада темір жетіспеген кезде жасушалардың оттегімен қамтамасыз етілуі бұзылады, иммунитет төмендейді, салдарынан жұқпалы аурулармен ауыру қаупі артады. Балалардың өсуі мен ақыл-ой дамуы тоқтап, шаршағыштығы жоғарылап, оқу үлгерімі нашарлайды, балалар мен ересектер үнемі шаршайтынына шағымданады, тіндер мен мүшелерде жағымсыз өзгерістер болады. Сондықтан темір тапшылығы анемиясының алғашқы белгілері байқалғаннан бастап, дәрігерге жүгіну қажет.

Ақерке ЖЕТКЕР,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

(Газетіміздің келесі саны 2 қараша, сенбі күні шығады)

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.